

2021-2022 оқу жылы бойынша бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Мектептегі бастауыш оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары-баланың білім игеру кезіндегі ойлау қабілетін қалыптастыру сол арқылы таным әрекетін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.

Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің, шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуының бастамасы болып табылады.

Ендеше, өскелең ұрпаққа білім негізін қалап жүрген бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық есеп беруі жайлы сөз болмақшы.

Біздің әдістемелік бірлестігінің тақырыбы:"Оқытудың жаңа технологиялары негізінде мұғалімдердің танымдық белсенділігін арттыру, кәсіби дамуына ықпал етіп, сапалы оқытуды жүзеге асыру."

Мақсаты:

- Білім сапасын арттырудың қазіргі педагогикалық технологияларын білім тәрбие беру үрдісіне енгізіп, жетілдіру;
- Шығармашылық топтардың жаңа жүйені енгізу және жетілдірудегі жұмыс бағыттарын бекіту, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік деңгейін, кәсіби біліктілігін, шеберлігін дамыту.
- Жеке тұлғаны зертханалық, ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу
- Үлгермеушіліктің алдын алу және білім беру қызметінің сапасын арттыру
- Мұғалімдердің оқытудың цифрлық түрін қолдану үлесін арттыру
- Мектептің инновациялық жоба жұмысын қолға алу

Міндеттері:

- пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
- мұғалімдердің шығармашылық кезеңдер жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары(авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу
- мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстарын жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу бағытында жүргізіп, жаңа форматтағы тапсырмалар жинағын дайындауға көңіл қою
- әр бірлестікте инновациялық жобалармен жұмысты енгізуді қолға алу
- жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыру

Күтілетін нәтижелер:

- білім беру ортасының қоғамның ағымдағы сұранысына бейімделуі;
 - оқыту сапасының артуы, мұғалімнің өз пәні саласында білімнің жинақталуы, оқытудың қазіргі әдістерін меңгеруі мен педагогикалық процесті компьютерлік технология көмегімен ұйымдастыруы;
 - дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесінде олимпиада, ғылыми жоба, түрлі байқаулар жеңімпаздарының санының артуы
- Бастауыш қазақ сынып әдістемелік бірлестігінде 14 мұғалім жұмыс істейді. Барлығы да жоғары білімді ұстаздар. Оның ішінде педагог – зерттеушілер:

- 1.Абдуллаева О.М.
- 2.Жанділдаева А.У.
- 3.Агжигитова Б.А.
4. Мусаева Б.С.

Педагог – сарапшылар:

- 6.Баймаханова А.Д.

Педагог – модератор:

- 7.Пиыева Н.Д..
- 8.Онгарова А.Б.
- 9.Досбол С.Б.

Педагогтар:

11. Тастанбекова А.М.
- 12.Нұрмахан М.Ғ.

ұстаздарымыз бар. Бірлестікте **1 жас маман** бар. Олар: **Түлебаева А.М.** Осы оқу жылында оқушылар да, ұстаздар да барлық іс - шараларға белсене қатысты. Сонымен қатар оқушылардың жұмыс дәптерлері де тексеріліп, кемшіліктерімен танысып, кемшіліктерді жоюға мүмкіндік берілді.

Тексерудің мақсаты:

- мұғалімнің дәптерді тексеру талабының орындалуы;
- дәптерге қойылатын бірыңғай талаптың орындалуы: көркем жазуы, тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы;
- үйжұмысы нормасының орындалуы, тексеру сапасы;
- өз бетімен жұмыс түрі, мазмұны;
- орфографиялық режимнің сақталуы;
- оқушы дәптерін тексеру сапасы: тексеру жиілігі, нашар үлгеретін оқушы жұмысының тексерілуі;
- баллдық бағалаудың дұрыс жүргізілуі;

Оқу кезінде оқушылар көптеген сайыстарға қатысып, дипломдармен марапатталды. Олимпиада математика, ағылшын тілі, қазақ тілі пәндерінен өтті. Олимпиадаға 1-4 сынып оқушылары қатысты. Атап айтсақ, «Ой-Сана», «Кенгуру-2021» интеллектуалдық ойын-конкурсы, «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасы, «Жас Дарын», «Алтын Қыран» республикалық зияткерлік олимпиадасы, Қараша айында бастауыш сынып оқушылары «Ұлы дала баласы» республикалық онлайн олимпиадасының қалалық және облыстық кезеңіне қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар ұстаздарға

«Құрмет Грамотасы» мен «Алғыс хат» берілді. Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне байланысты өткізілген мектепшілік іс шараға да бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысты.

6-10 ақпан аралығында 1 сыныптардың «Қош бол, Әліппе» сыныптан тыс іс-шаралары өткізілді. Ашық сабақтарда мұғалімдер өздерін жан-жақты көрсете білді.

Наурыз айында 1-4 қазақ сынып оқушыларының арасында қазақ тілі, математика, ағылшын тілі пәндерінен мектепшілік олимпиадалар өткізіліп, «Бас жүлде» алған оқушылар грамота мен қоса медальмен марапатталды. I, II, III жүлделі алған оқушыларымыз грамоталармен марапатталып, директор қолынан өз грамоталарын алды.

Мамыр айының 15-24 аралығында бастауыш сынып бірлестігінің «Баспалдағы білімнің-бастауыштан басталар» атты онкүндік апталығы өтті.

Апталықтың мақсаты: «Жаңартылған білім беру жағдайында инновациялық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту, оқу үдерісін жетілдірумен қатар баланың шығармашылық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отыра, рухани-адамгершілік, эмоционалдық және көңіл күйлерін дамыта отырып, алған білімдерін өмірде қолдануға баулу».



Апталық бекітілген жоспар бойынша өткізілді. Сабақ барысында жаңаша әдіс-тәсілдер қолданылды. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Ашық сабақтарда мұғалімдер өздерін жан-жақты көрсете білді.

р/с	Пән аты	Сабақ реті	Тақырыбы	Күні	Каби нет	Сынып	Мұғалімнің аты жөні
1.	Математика	4 сабақ	Ойлы болсаң озып көр	14.04.2022	№32	1 «Ғ»	Оңғарова А.Б
2.	Әдебиеттік оқу	4 сабақ	Өрттің қауіпі.Өрттен құтқарушы иттер	15.04.2022	№ 25	2 «Ғ»	Оңғарова А.Б
3.	Әдебиеттік оқу	1 сабақ	Өрттің қауіпі.Өрттен құтқарушы иттер	14.04.2022	№ 30	2 «А»	Абдуллаева О.М
4.	Математика	2 сабақ	Логикалық есептер	13.04.2022	№3	1 «А»	Жанділдаева А.У
5.	Математика	3 сабақ	Логикалық есептер	12.04.2022	№3	1 «Е»	Жанділдаева А.У
6.	Ана тілі	3 сабақ	Буын	14.04.2022	№ 26	1 «И»	Агжигитова Б.А
7.	Математика	1 сабақ	Сандар мен шамалар	15.04.2022	№ 25	1 «Е»	Түлебаева А.М
8.	Математика	3 сабақ	Кім жылдам	14.04.2022	№2 стекл.	2 «Ә»	Баймаханова А.Д.
9.	Қазақ тілі	4 сабақ	Сан есім	11.04.2022	№ 8	1 «А»	Пияева Н.Д
10.	Қазақ тілі	3 сабақ	Сан есім	13.04.2022	№34	3 «А»	Мусаева Б.С
11.	Математика	3 сабақ	Логикалық есептер	12.04.2022	№23	3 «Ғ»	Тастанбекова А.С
12.	Математика	3 сабақ	Разрядтық қосылғыштар	13.04.2022	№22	3«Е»	Досбол С.Б
13.	Математика	3 сабақ	3 таңбалы сандардарға көбейту	13.04.2022	№14	4«Ғ»	Нұрмахан М.Ғ
14.	Математика	6 сабақ	«Кім жылдам?»	12.04.2022	№2 стекл.	1 «Ә»	Баймаханова А.Д

Аталмыш апталық аясында бекітілген жоспар бойынша бастауыш сынып ұстаздары халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты.

Дүйсенбі күні апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты жиын оқушыларымыздың «Мектебім, аяулы мектебім» әнімен ашылды. Шараны оқушылар «өзбек биімен» бастап, би билеп, күмбірлеген күйімен көмкеріп, хормен ән айтып, әрі қарай әр түрлі көріністермен мерейтойына байланысты жаттаулармен жалғастырды.



Ұстаздар қауымының басты міндеті – шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта бастауыш пәнінің мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Оңғарова А.Б Апталықтың бірінші күні жоспарға сәйкес бастауыш сынып мұғалімі Оңғарова А.Б 1«F» сыныбында дүниетану сабағынан «Ойлы болсаң озып көр» Оңғарова Ә 2 «F» сыныбында қазақ тілі сабағынан «Өрттің қауіпі. Өрттен құтқарушы иттер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалімдер өзін құзырлы да, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта өздерінің пәннен білімдерінің жоғары деңгейде екенін көрсетті.



14.04.23 Абдуллаева .О.М 2 «А» сыныбында әдебиеттік оқу сабағынан ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: «Өрттің қауіпі.Өрттен құтқарушы иттер». Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы. Сабақта мұғалімдер өзін құзырлы да, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті.Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта өздерінің пәннен білімдерінің жоғары деңгейде екенін көрсетті.



Жанділдаева А.У 4 «А,Е» сыныбында математика сабағынан ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: «Логикалық есептер». Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы. Сабақта мұғалімдер өзін, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті.Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта жоғары деңгейде екенін көрсетті.



16.04.22 Агжигитова Б.А 1 «И» сыныбында ана тілі сабағынан ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: «Буын». Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы. Сабақта мұғалімдер өзін, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта жоғары деңгейде екенін көрсетті.



17.05.23 Тулебаева А.М 1 «Е» сыныбында математика сабағынан ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: «Сандар мен шамалар». «Кім жылдам». Баймаханова А.Д 3 «Ә» сыныбында ашық сабақ өтті. Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы. Сабақта мұғалімдер өзін, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта жоғары деңгейде екенін көрсетті.



Пияева Н.Д 1 «А» «Сан есім» қазақ тілі пәнінен ашық сабақ өтті. Сабақ өз дәрежесінде өтілді. Сабақта мұғалім жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасының модульдерін тиімі пайдаланды. Топтық, жұптық жұмыстар жасалынып, сабаққа жанаша үлгідегі көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. Сабақта мұғалім хикая картасы, сыни тұрғыдан ойлау, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, жас ерекшелігіне байланысты оқыту модульдерін тиімді пайдаланды. Рольдік ойындар ұйымдастырылды.



Апталықта 4-сыныптар арасында "XXI ғасыр көшбасшысы" атты көңілді интеллектуалды сайыс өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: оқушылардың шығармашылық,көшбасшылық қабілеттерін ашу және арттыру;
ұйымшылдыққа тәрбиелеу;

Іс-шара барысында сынып оқушылары өздерін жан-жақты көрсетіп, көрермендерді өз білімдерімен әрі жылдамдықтарымен тәнті ете білді.

Бұл іс-шараға оқушылар ерекше қызығушылықпен қатысып, өздерінің білімдерін көрсете отырып, жетістіктерге де жете білді. Атап айта кетсек:

4 "А"-сынып оқушылары бас жүлдеге ие болса, 4 "Ж" сынып І орын, 4 "Ғ" II орын, 4 "Е" сыныптары III орынды қанжығасына байлады.

Осындай іс-шараға қатысқан барлық оқушыларға және оқушыларды дайындаған ұстаздарға алғыс айтамыз.Сонымен қатар апталықта 2 «Ә» сыныбында "Кім жылдам? Кім тапқыр?" атты математика пәні бойынша ойын-сайыс өткізілді.Іс-шара барысында 1-4 сынып оқушылары мен ұстаздары өздерін апталықта жан-жақты көрсете білді.

Бұл іс-шараға оқушылар мен ұстаздар ерекше қызығушылықпен қатысып, өздерінің шеберліктерін көрсете отырып, жетістіктерге де жете білді.Осындай іс-шараға қатысқан барлық оқушыларға және оқушыларды дайындаған ұстаздарға алғыс айтамыз.

Бастауыш сынып бірлестігінің «Баспалдағы білімнің-бастауыштан басталар» атты онкүндік апталығы өз деңгейінде жоғары дәрежеде өтті.



ӘБ жетекшісі:

Баймаханова А.Д